



Ақмешіт

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

6 ақпан
сенбі
№10 (1712)
2021 жыл

Аялаймын сені, Қызылорда!



The New York Times

ЖАҢА ПРЕЗИДЕНТ – ЖАҢА ҚАҒИДА

Джо Байден билікке келгені АҚШ-тың сыртқы саясаттағы бағдарында біршама өзгеріс пайда болды. Жаңа басшы басым бағытты екі тарапқа – Араб түбегі мен Тайвань аралына негіздеу арқылы Сауд арабиясы мен Қытайға қыр көрсетіп, түрлі жарғы шығарды. Тайвань аралында әскери іс-қимылды үдетсе, Араб түбегінде, керісінше, тежеуге кіріскен. Тайваньдағы текетірес түсінікті, Қытайдың ықпалына қалдырмау амалы, ал Араб түбегінде «уысын» босатудың сыры неде? Бұл туралы «The New York Times» газетінің бейсенбілік санына Эрик Шмитт пен Дэвид Сэнджердің «Байден Трамп қалдырған сыртқы саяси ұстанымды өзгертпек» атты бірлескен мақаласы жарияланды.



Мұндай өзекті де маңызды мәселенің тілін тарқатуды қос тілшіге жүктеудің өзіндік мәні бар. Себебі авторлардың аталған тақырып төңірегінде кәсіби тәжірибесі мен ақпарат қоры өзгелерге қарағанда жеткілікті әрі ықпалы да жоғары. Дэвид Сэнджер 30 жылдан астам ұлттық қауіпсіздік қызметінің ресми тілшісі болып қызмет етсе, Эрик Шмитт Пентагонның журналисті міндетін атқарған. Мақала авторлары Джо Байденнің Йемендегі шиеленісті біржолата доғару, Сауд Арабиясына қару-жарақ тасымалын азайтуға қатысты пікірін саралап, салдары мен себебін талдауға тырысқан.

«Йемендегі ахуал 2014 жылдың тамыз айынан бастау алды. Оған қоса дағдарысқа 2015 жылы наурызда Сауд Арабиясы бастаған әскери коалицияның да ықпалы жоғары. Осылайша Йемен бүгінге дейін жалғасқан әскери қақтығыс нәтижесінде әлемдегі ең ірі гуманитарлық дағдарысты бастан кешіруде. БҰҰ-ның мәліметінше, 24 млн йемендік гуманитарлық көмекке мұқтаж. Джо Байден 4 ақпан күні АҚШ Мемлекеттік департаментінде елдің сыртқы саясатқа қатысты ұстанымдарын нақтылады. Ол өз сөзінде, Йеменді осындай халге жеткізген Сауд Арабиясына көмек беруді тыйып, оңірдегі «Ресейдің агрессивті әрекетіне қарсы тұру» жоспарын тоқтатуға үндеді. Президент бейсенбіде Сауд Арабиясының Йеменге қарсы соғысында қару сату және өзге де көмек көрсетуді тәжіетін ресми бұйрық берді. Сондай-ақ Сауд Арабиясының әрекетіне «гуманитарлық және стратегиялық апат» деген баға берді».

Мақала авторлары Байденнің бұлайша «шошына қалуының» себебі сыртқы саясаттағы ықпалын күшейту емес, Трамп қабылдаған қағидаларды бұзу амалы деген ойда. Бұл да жансақ пікірге ұқсамайды. Байкасақ, Трамп елдегі ең көп көтерілген мәселенің бірі – Таяу Шығыстан әскерді шығару, Сауд Арабиясын ауыздықтау ісін үнемі кейінге қалдыра беруші еді. Тіпті АҚШ-ты «мыңдаған жұмыс орнын ашуға септеседі» деген желеумен Сауд Арабиясына қару сатты деп айыптаған тілші Джамаль Хашоггидің өлімі де Трамп тарапынан аса бір елене қоймаған. Енді міне, Байден Йемендегі азаматтық соғысты тоқтатып, жағдайды тұрақтандыруға көшті. Өткен айда ел билігі құны 478 млн доллар тұратын қару-жарақты Сауд Арабиясына тасымалдауға тыйым салған. Әкімшілік болса, Біріккен Араб Әмірліктеріне де қару сату ісін қайта қарауды ұсынууда.

«2014 жылы Иранмен одақтасқан хуситтер Йемен астанасы Сананы басып алды. Ізін ала саудтықтар қарап қалмай, Парсы шығанағындағы одақтастарымен бірлесе қарсы әуе соққысын жасады. Кейіннен Сауд Арабиясы хуситтерді солтүстік Йеменнен қуып шығу үшін млрд доллар көлемінде америкалық қару-жарақ сатып алуды бастаған. Президент Барак Обама Сауд Арабиясының көңілінен шығу үшін барын салып, қару сатуға келісті. Ал екі жыл өткесін Трамп Сауд Арабия ханзадасы Мұхаммед ибн Салманды қабылдап, қолдау білдірді. Бұл сыртқы саясаттың ушыққан кезі-тұғын. Себебі әлемнің түкпір-түкпірінде Йемендегі қантөгіс пен жазықсыз жандардың оққа ұшуына АҚШ-ты кінәлап, азаматтық соғысқа бастау болған келісімді жазғырғандардың қатары көбейді. Енді Байден Йемендегі қақтығысқа нүкте қойып, бейбіт тұрғынның қаза табуын тоқтатуды көздеуде. Дипломатиялық келісімге қол жеткізу үшін білір маман Тимоти Лендеркингті арнайы елші етіп бекітті. Байден мемлекеттік департамент жиынында «Соғысқа нүкте қою қажет» екенін айта келе, бұл қадамның маңызын былайша тәсірледі: «Аталған әрекет – әлемге Американың қайта оралғанын білдіреді» депі.

Сонымен қатар мақалада АҚШ президентінің Трамп бастаған өзге де әскери стратегияға қатысты мәлемдемесі сараланған. Ол – Германиядан әскер шығаруды тоқтату. Байден Германия аумағындағы АҚШ әскерін кері қайтару жобасына түбегейлі қарсы. Ол Трамптың Германиядағы 12 мың әскерді кері қайтару бұйрығының күшін жойды. Яғни неміс жеріндегі америкалық әскер орнында қалады деген сөз. Мақала авторлары бұл қадамды сынаған саясаттанушылардың пікірін де жариялаған. Мамандар бұйрықтың күшін жою – Байденнің көрегенділігін көрсетпейді және Трамптың одақтас елдерге НАТО-ға қаржы төлету батылдығына мардымсыз жауап деген байламда.

«Байден мырза Ресейдің америкалық демократияны тұншықтыруға жасаған әрекеті мен SolarWinds-ке жасаған кибершабуылдың қатты сынға алды. SolarWinds-ке шабуыл жасау арқылы мемлекеттік және жеке желілер қорғаныссыз қалып, келген зардап мөлшері әлі зерделенуде. Өткен аптада Джо Байден Ресей президенті Путин мырзамен әңгіме барысында «Сайлауға араласу, кибершабуыл, азаматтарды улау «дәуірі өткенін» және Ресейге қарсы тұру шығынын малайтауды еселейміз» деген болатын. Оған қоса, Алексей Навальнийды босатуды да талап етуді ұмытпады».

Көлемді жазбаның берер мәліметі мұнымен бітпейді. Эрик Шмитт пен Дэвид Сэнджердің ұтымды тұсы – Джо Байденнің Ресейге көзқарасын айқындауы. Жай қарағанға үйреншікті пікір, жауыр болған тақырып кейінде көрінгенмен, бұл жолғы Байден мәлімдемесі алдағы бес жылдықтағы екі елдің арқатынасын болжағандай.

4 бетте

■ ӘКІМ ЕЛГЕ ЕСЕП БЕРУДЕ

ЕЛДІҢ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Аптаның сәрсенбісінде Қызылорда қаласының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қоғамдық кеңес алдында есеп беріп, өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралады. Қалалық мәслихаттың мәжіліс залында өткен шараға қоғамдық кеңес мүшелері, мәслихат хатшысы, қала әкімінің орынбасарлары мен кент және ауылдық округ әкімдері, бөлімдер мен мекеме басшылары мен БАҚ өкілдері қатысты.

Барлық санитарлық талап сақталған жиында қоғамдық кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев жүргізді.

Елбасының бастамасымен өмірге келген жаңа бағдарламалар және тың идеялардың ықпалымен, сондай-ақ Мемлекет басшысының халықтың тұрмысын жақсартуға негіз болған Жолдаулары аясында Сыр өңірінің орталығы – Қызылорда қаласында маңызды мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тауып келеді. Бұған Сыр бойындағы атқарылған жұмыстарды дәлел етуге болады.

Қоғамдық кеңес алдында есепті баяндама жасаған шаһар басшысы ынтымағы жарасқан елдің көптен көші озатынын тілге тиек етті.

Жалпы 2020 жылы Қызылордада аз тірлік атқарылған жоқ. Пандемия барлық мемлекет үшін сынақ кезеңіне айналды. Осы сынақ кезеңінде елімізде дағдарысқа қарсы жедел шаралар қабылданды. Осы ретте, уақытша табыссыз қалған тұрғындарға 42 мың 500 теңге көлемінде қаржылай көмек берілді. Бес мыңға жуық отбасыға азық-түлік және тұрмыстық заттармен көмек көрсетілді. Елбасы – «Nur Otan» партиясы төрағасының бастамасымен «Біз біргеміз» акциясы аясында қаладағы 19 мың 687 отбасы біржолғы қаржылай көмекке ие болды.

Індет күшейген кездегі атқарылған шараларды тілге тиек еткен қала басшысы кәсіпкерлер, еріктілер, қоғам белсенділері, жастар жалпы елдің жанашыр азаматтары коронавирусқа қарсы күресте тасада



қалмай, көпке көмек қолын соза білгенін айтты.

Қаладағы әлеуметтік-экономикалық маңызды мәселелер кезең-кезеңімен шешімін тауып, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында тиісті жұмыс атқарылууда.

Қала әкімінің баяндамасындағы мәліметтерге сүйенсек, өткен жылы жұмыс жоспарының негізгі басымдықтары – жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау, экономиканы әртарапандыру, халық сұранысын қанағаттандыру жолында

жасампаз жобаларды жүзеге асыру, мемлекеттік-жекешелік әріптестікті және халықаралық қаржы ұйымдарын тарту арқылы инфрақұрылымды дамыту секілді мәселелер болды.

2020 жылдың басында Қызылорда қаласының бюджеті 69 млрд теңгеге жуық болса, жыл қорытындысымен бұл көрсеткіш 94 млрд теңгені құраған.

Өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 480 млрд теңгеден асып, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі артығымен орындалған. Облысқа салынған

2 бетте

■ БАҒДАР

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШҚАН

Кәсіпкерлікті өркендету – экономиканы дамытудың бірден-бір жолы. Өркеніетті елдердің қай қайсысын алсақ та өздерінің экономикалық және әлеуметтік мәселелерін шешуде кәсіпкерлікке арқа сүйейді. Себебі кәсіпкерлік халықтың жағдайын жақсартумен қатар қосымша жұмыс орындарының ашылуына септігін тигізеді. Иә, расында да бір адам шағын немесе орта кәсіпті қолға алса, бірнеше адамға жұмыс табылады емес пе? Мұның өзі үлкен демеу болары сөзсіз. Сонымен қаладағы кәсіпкерлік саласы қалай дамуда?

4 бетте

■ СҮЙІНШІ

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасында қос кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Оның бірі – Жаңақорған ауданының Ауған соғысы ардагерлеріне арналған «Борыш» кітабы, екіншісі – ақын, журналист Адырбек Сопыбековке арналған «Адырбек» атты кітап.

РУХАНИЯТҚА ҚОСЫЛҒАН ҮЛЕС



Кітап руханият жанашыры, «Қызылорда аз тонналық мұнай өңдеу зауыты» ЖШС директоры, облыстық мәслихат депутаты Жанкелді Ойшыұлының қолдауымен жарық

көріп отыр. Қос басылымның тұсаукесер рәсіміне оқырмандар мен жастар, БАҚ өкілдері қатысты.

Ауған соғысы ардагерлеріне арналған кітапта отансүйгіштік рух пен ержігітке тән ерлік істер баяндалады. Сондай-ақ сол кезеңдегі қазақ жастарының бойындағы қайсарлық суреттеледі.

Сонымен қатар «Адырбек» кітабы Әбибулла Шердің редакторлығымен 1000 данамен жарық көріп отыр. Онда ақын өлеңдері кеңінен топтастырылған. Ақын шығармашылығының шыңы мен адам тағдыры терең әспеттелген.

Осылайша қазақ руханияты тағы да құнды мұралармен толыға түсті.

«Ақмешіт-ақпарат»



4 бетте

ЕЛДІҢ АЛҒЫСЫН АРҚАЛАҒАННЫҢ БОЛАШАҒЫ ЖАРҚЫН

Сыр өңірінің аграрлы аймаққа жататыны белгілі. Қызылорда қаласы бойынша ауыл шаруашылығы саласында да ауыз толтырып айтарлық жұмыс бар. Ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 9,4 млрд теңгені құрап, өнім көлемі 2019 жылмен салыстырғанда 102 процентке артығымен орындалды.

Облыс бойынша нақты жұмыс жасап тұрған шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің 47,7 проценті Қызылорда қаласының үлесінде. «Индустриалық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға» арналған мемлекеттік бағдарламасына сай қалада өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген жалпы құны 67,5 млрд теңгені құрайтын 9 жоба жүзеге асырылуда. Жобалар толық іске қосылғанда мыңнан аса қызылордалық жұмыспен қамтылады. «Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың біріншай бағдарламасы негізінде бүгінгі таңда жалпы құны 6,5 млрд теңгені құрайтын 161 жоба қаржыландырылса, мемлекеттік қайтарымсыз гранттар беру бағыты бойынша комиссия шешімімен құны 56,5 млн теңге болатын 30 тұрғынның жобасы қолдау тапты. «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы бойынша жеңілдікпен несиелеу арқылы өткен жылы құны 968 миллионнан астам теңгеге 13 жоба

Басы 1-бетте

қаржыландырылды. «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасының» бірінші бағытындағы бағдарламаға қатысушыларды қысқа мерзімді кәсіптік біліммен қамтамасыз етуге облыстық бюджеттен бөлінген 114,3 млн теңгеге қысқа мерзімді кәсіптік оқуға 659 азамат жолданды. Оның ішінде 609 азамат оқуды аяқтап, 425-і жұмыспен қамтылды.

Бағдарламаның екінші бағыты – кәсіпкерлік бастамасын қолдау бойынша «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау қоры» АҚ, «Өңірлік инвестиция» орталығы, «Микрокаржылық» ұйымы арқылы 125 азаматқа 615 млн теңгеден астам несие берілді. Ал «Жаңа бизнес идеяларды» іске асыру бойынша 1355 азамат 750 млн теңге көлемінде мемлекеттік грант жеңіп алды.

Бағдарламаның үшінші бағыты бойынша қоғамдық жұмыстарға 598 млн теңге бөлініп, 2511 адам қоғамдық жұмысқа тартылды.

Жастар тәжірибесі бойынша 575 мекемеге 1 мың 838 жас маман жолданды. Оның ішінде 19,5 пайызы тұрақты жұмысқа орналасты.

Қалада білім беру нысандарының саны жыл сайын артуда. Жыл соңында Жаппасбай батыр көшесінің бойынан 600 орындық мектеп пайдалануға берілсе, инвестор есебінен 500

орындық «Зерде» жеке мектебі өз жұмысын бастады. Білім беру ұйымдарындағы орын тапшылығын шешу мақсатында қала тұрғындарының сұранысына сәйкес Бәйтерек шағын ауданында 600 орындық мектеп құрылысы, Саяхат мөлтек ауданынан 300 орындық тағы бір білім ұясының құрылысы жүргізілуде. Бүгінде Қызылорда қаласында дене шынықтыру және спортпен шұғылдануға арналған 684 спорттық нысан бар.

Жалпы Қызылордада атқарылып жатқан жұмыс аз емес. Ауыз толтырып айтатын нәтижелі тірліктің бірі ретінде қала орталығындағы медициналық ұйымдарға жасанды тыныс алу аппараттары мен оттегі концентраторларын алу үшін қала әкімінің құрылыс компанияларын біріктіре білгенін айтуға болады. Шынында да, пандемия белең алған шақта Қызылордадағы құрылыс компанияларын «бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығаруға» шақырған басқа емес қала әкімі екенін айта кеткен дұрыс болар. Тағы бір атап өтерлігі, шаһар басшысының халық үніне құлақ асып, қоғамдық көліктегі жол жүру ақысын қымбаттатпай бұрынғы тарифті сақтау туралы шешімі де көпті қуантқан іс болды. Бұдан бөлек Қызылорда қаласының жылу беру маусымына жылдағыдан ерекше әзірленгенін, жылуды ертерек қосқанын да айта кеткен ләзім. Сондай-ақ Қызылордада саябақтарды дамытып,

көгалдандыру жұмысына да ден қойылған. Өткен жылы «Сыр-Ана» монументі жаңғыртылып, «Дәрігерлер» аллеясы мен «Денсаулық» саябағы ашылды. Ең бастысы, қалада тұрғындарға қолайлы жағдай жасалған. Соның әсері болуы керек, соңғы жылдары қала халқының саны едәуір артып келеді.

Қала әкімі өткен жылы атқарылған жұмыстарды саралап, алдағы жоспармен таныстырған соң қоғамдық кеңес мүшелері сөз алып, жасалған жұмысқа оң бағаларын берді. Белгілі журналист, қоғамдық кеңес мүшесі Сәрсенкүл Бихожа Қызылордадағы халықтың билікке сенетінін жеткізсе, қоғамдық кеңес мүшесі Ерік Теңізбаев қаламыздың күн санап құлпырып келе жатқанын айтты. «Nur Otan» партиясы Қызылорда қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Шәріп Әбдірахманов қалада қыруар тірлік атқарылғанын, ең бастысы шаһар басшысының елдің сенімінен шыға білгенін айтса, қалалық мәслихат хатшысы Ибадулла Құттықожаев өткен жылы қала әкімдігіне қарасты мекемелерде сыбайлас жемқорлық сипатындағы деректердің тіркелмеуінің өзі үлкен жұмыстың нәтижесі екенін алға тартты.

Сұлу Сырдың бойында орналасқан әсем қала – Қызылорда күн санап құлпырып келеді. Қала көшелері кеңейген, жарықтандырылған, сымбаты артқан. Бір сөзбен айтқанда, қазір Қызылорда жаңарды, жасарды, ерекше кейіпке енді. Ең бастысы, әлеуметтің әлеуетін арттыруға бағытталған жұмыстар көптің көңілінен шығуда. Ауыз суы үйіне дейін барған, жолы жөнделген, шаңырағын табиғи газбен жылытып отырған құрт атқарылған жұмысқа оң бағасын беріп, алғыстарын жаудыруда.

Әзіз ЖҰМАДІЛДАҰЛЫ

БЕЛІСЕНДІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Осы аптада қалалық мәслихаттың мәжіліс залында қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен марапаттау рәсімі өтті.

Жиынға еліміздегі жауапты әрі маңызды кезең 10 қаңтар күні Қазақстан Республикасының Парламент Мәжілісі мен мәслихат депутаттарының сайлауын өткізуде белсенділік танытқан азаматтар қатысты.

– Саяси науданда белсенділіктің жоғары деңгейін көрсеттіңіздер. Сол жемісті жұмыстың нәтижесінде Қызылорда қаласы тұрғындарының басым көпшілігі сайлауға қатысты. Өз таңдауларын жасады. Сайлауды ұйымдастыру барысында бір кісідей жұмылып, тік тұрып қызмет етіп, ерен еңбектеріңіз бен табандылық танытқан ауызбіршіліктеріңізді бағалаймыз. Жауапты кезеңде тыным таппай көрсеткен игі істеріңізге алғысымыз білдіремін, – деді қала басшысы. Шара шаһар басшысының марапатымен жалғасты.

«Ақмешіт-ақпарат»

БЕЛКӨЛ: Тұрғындар көп мәселе айтпады

Өткен аптада қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қалаға қарасты кенттер мен ауылдарды аралап, тұрғындармен кездесті. Ауылдың тыныс-тіршілігімен танысып, олардың сұрақтарына жауап берді. Сондай-ақ елдің батасын алып, дәстүрлі есеп беру жиынын да бастап кетті.

Бейсенбі күні шаһар басшысының Белкөл кенті тұрғындарымен онлайн форматта есеп беру кездесуі өтті.

Қаланың қос қанатындай болған Белкөл мен Тасбөгет кенті жыл санап өрістеп келеді. Экономикалық әлеуеті мен әлеуметтік деңгейі артып, жарқын жобалар арқылы өзге елді мекендерге үлгі болуда. Соның ішінде Белкөл кенті қарқынды дамып келеді. Құрылыс саласынан серпін байқалады.

Есепте жаңа тұрғын үй құрылысы, экология, өндіріс пен ауыл шаруашылығы саласындағы өзекті мәселелер жан-жақты

айтылды. Жеткен жетістіктер сараланып, айда атқарылатын жұмыстар да ел назарынан тыс қалмады.

Кенттегі жолдардың ұзындығы 21,5 шақырымды құрайды. Оның 14,1 шақырымы асфальтталған, 2,4 шақырымына тас төселген. Биыл «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы» бағдарламасы арқылы Железнодорожная, Зеленая, Т.Абуов, М.Есмаханов көшелерін асфальттауға республикалық бюджеттен қаржы бөлінген.

Белкөлдіктер үшін инфрақұрылым мәселесі біржола шешімін тапқан. Себебі кент толықтай «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілсе, таза ауыз су да түйінді мәселе емес. Көгалдандыру, тазалық жұмысын жүргізу ісінде де бірзділік қалыптасып, кокистан арылуда мүмкіндік туған.



Кенттегі «Балапан» балабақшасына күрделі жөндеу жұмыстарына «Жұмыспен қамту жол картасы» бағдарламасы аясында республикалық бюджеттен 241 млн теңге қаржы қаралып, балабақша ғимаратына толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүрген.

Денсаулық сақтау саласында да жаңалық жетерлік. Атап айтар жаңалық – жаңадан салынған амбулатория. 2019 жылы жекеменшік-әріптестік аясында бой көтерген заманауи медициналық амбулатория тұрғындар үшін үлкен көмек болды. Бұған дейін көпқабатты тұрғын үйдің төменгі қабатында орналасқан шағын

АСПАЛЫ КӨПІР АШЫЛАДЫ

Жылдағы дәстүрмен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың халық алдында есепті кездесуі басталды. Пандемияға байланысты онлайн форматта ұйымдастырылған кездесуде шаһар басшысы алдымен қалаға қарасты екі кент тұрғындарына есеп берді.

Былырғы жағдай баршаға белгілі. Индеттің қай салаға болмасын кері әсер еткені рас. Соған қарамастан экономикалық, әлеуметтік мәселе, қаланың өсіп-өркендеуіне қатысты жұмыстар қалыс қалған жоқ. Қиын-қыстау кезеңде атқарылған жұмыстар жайын қала әкімі айрықша атап өтті.

Алдымен қала бюджетіне тоқталсақ, бытыр жыл басында 69 млрд теңгеге бекітілген көрсеткіш жыл соңына дейін 94 млрд теңгеге жеткен. Өнеркәсіп саласында өндірілген өнім көлемі артып, инвестиция тарту 105 процентке, ауыл шаруашылығы саласы өнімін өндіру 102 процентке артығымен орындалған. Бұл қатарда кәсіпкерлік саласы да бар. Мемлекеттік бағдарламалар аясында бұл бағытта жемісті жобалар жүзеге асқан. Мәселен, бүгінге дейін «Бизнестің жол картасы 2025» бағдарламасымен 161 жоба қаржыландырылса, тағы 30 жоба қолдау тапқан. Сол сияқты «Қарапайым заттар экономикасын дамытуда» 13 жобаға тиісті қаржы бөлінген.

Жұмыссыздықты жоюда бірнеше бағыттан тұратын «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған бағдарламасымен» қысқа мерзімді кәсіптік оқытуға 659 азамат жолдама алып, 2511 тұрғын қоғамдық жұмысқа тартылса, жастар тәжірибесімен 1838 жас маман тұрақты жұмыс табуға мүмкіндік алған. Кәсіпкерлік бастамасын қолдау бағытында 125 тұрғынға несие, 1355 азаматқа мемлекеттік грант бөлінген.

Қалада тұрақты әрі нәтижелі атқарылған жұмыс ретінде тұрғын үй мәселесін айтуға болады. Бұл ретте өткен жылы 1342 қызылордалыққа үйдің кілті табысталған. Осылайша облыс орталығындағы құрылыс жұмыстары 125 процентке жеткен. Құрылыс жұмысының қарқын алуына



білім беру ұйымдарының бой көтеруінің де өзіндік әсері бар. Соңғы уақытта қаланың жаңадан бой көтерген аудандарында білім ошақтарын салу қолға алынған. Оған қоса жекеменшік мектептердің де артуы бұл саладағы бірқатар мәселенің оң шешімін табуына ықпал етпек. Бытыр Жаппасбай батыр көшесі бойынан 600 орындық мектеп, 500 орындық «Зерде» жеке мектебі ел игілігіне берілді. Қазіргі таңда «Бәйтерек», СПМК 70 шағын ауданында 600, «Саяхат» мөлтек ауданында 300 орындық білім ордасының іргесі қалануда.

Облыс орталығының және оған қарасты кент пен ауылдардың инфрақұрылымын жақсартуда да біршама тірлік атқарылды. Өткен жылы қала бойынша жол құрылысы, кәріз, жылу құбырларын жүргізу, қайта жаңғырту сынды жұмыстар тоқтасуыз жүргізілді. Республика мен жергілікті бюджеттен бөлінген қаржыға 408 көшеге жөндеу жұмысы жүргізілсе, «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған «Жол картасымен» мәдениет, білім нысандары, парктер мен аллеялар қайта жөндеуден өтті. Қала тұрғындары мен балалардың спортпен шұғылдануы үшін спорт, ойын алаңдары бой көтерді.

Мұндай жұмыстар тек қала көлемінде емес, шет аймақтар мен елді мекендерде де жүзеге асты.

Тышқан жылы қиындығымен келсе де, тоқтасуыз атқарылған тірлік легі осындай. Жыл бойы жүзеге асқан жұмыстар сараланған соң, кезек тұрғындарға жетті. Тасбөгет кенті тұрғындары жол жөндеу, аспалы көпірдің құрылысы, №4 қалалық емхананы қайта салу сынды мәселені көтерді. Әкім өз кезегінде өткен жылы бастау алған жол жөндеу жұмысының жалғасатынын, шет аймақ шетте қалмайтынын, аталған мәселе бойынша ұсыныс беріліп, кейбіріне тиісті қаржы қарастырылғанын атап өтті. Ал, аспалы көпірдің құрылысы жұрда басталатын болса, жаңа емхана салу үшін облыстық денсаулық басқармасымен бірлесіп шешім қабылданатынын жеткізді.

Жиын соңында қала әкімі жыл көлемінде атқарылған істермен бірге, індет жайлаған тұста вирус жұқтырған жұртшылыққа барынша көмек қолын созып, қаржылай қолдау көрсеткен ел азаматтарына, ерікті жастарға ерекше алғысын білдірді.

Айдаана СЕЙІЛ



Жыл басында жылдағы дәстүрмен облыс және қала әкімдері халық алдында есеп береді. Билік атқарылған жұмыс барысына тоқталып, алдағы міндеттерді атап өтеді. Тұрғындар да көкейде жүрген сұрағын қояды. Бірақ билығы есепті кездесу мүлдем басқаша өтуде. Индетке байланысты саятқы шараларын ескере отырып, қала әкімдігі есепті жиынды онлайн түрінде ұйымдастырды. Сонымен қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың есеп беруі Қосшынырау ауылы тұрғындарының алдында жалғасты.

ҚОСШЫҢЫРАУҒА ГАЗ ҚАЖЕТ

ҚАЛАДАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ТІРЛІК

Шаһар басшысы Қызылорда қаласындағы атқарылған жұмыс барысын баян етті. Алдымен қала әкімі Н.Нәлібаев қала экономикасынан бастады.

Жыл басында қала бюджеті 69 млрд теңге болып бекітілсе, жыл соңында қаржы 94 млрд теңгеге жетті. Нәтижесінде облыс орталығының барлық саласында жоғары нәтижелі өсім байқалды, – деді қала әкімі. Ал өнеркәсіп өнімдерінің өндіріс көлемі 480 млрд теңгеге жетіп, негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 105 процентке артығымен орындалғандығы айтылды. Ауыл шаруашылығы саласында да өсім барыншылық. 2019 жылмен салыстырғанда 102 процентке жеткен.

– «Индустриалдық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға» арналған мемлекеттік бағдарламасына сай қалада өңірлік кәсіпкерлікті қолдау картасына енгізілген жалпы құны 67 млрд 500 млн теңгені құрайтын 9 жоба жүзеге асырылуда. Жобалар толық іске қосылғанда 1000-нан аса қызылордалық жұмыспен қамтылатын болады, – деді шаһар басшысы.

Есепті кездесу барысында ауылдық округтердегі атқарылған жұмыстар назардан тыс қалмады. Айталық, өткен жылы Бірқазан елді мекені, Ақсуат, Ақжарма, Қосшынырау ауылдық округтерінде спорт алаңдарын салуға қалалық бюджеттен 30 млн теңге бөлініп, құрылыс жұмысы жүргізіліп, ел игілігіне пайдалануға берілді.

Бытыр Қосшынырауда 2 көше орташа жөндеуден өтіп, 5 көшеге тас төселді. Абай ауылындағы мәдениет үйі жөнделіп, Досан ауылының 2 көшесі жарықтандырылды. Сонымен қатар Қосшыныраудың өткен жылғы қарқынды жұмыстарына тоқталған қала басшысы алдағы жылы ауылдың аяқ су мәселесі шешілетіндігін және ауылды дамытуға бағытталған жобалардың бірқатарын да атап өтті.

ТҰРҒЫНДАР НЕ СҰРАДЫ?

Қала әкімі онлайн түрінде есебін аяқтаған соң кезек тұрғындарға берілді. Алғашқы сұрақты ауыл ақсақалы Қыдырбай Байенов бастады.



– Жылдық есепті тыңдадық. Ақсақалдар атынан жақсы деген баға береміз. Біздің ауылда да әр жыл сайын жұмыс қолға алынууда. Бірақ біздегі арман – «көгілдір отын». Қалаға жақын ауыл болған соң біз де соның игілігін көрсек дейміз, – деген ұсынысын білдірді. – Ұсынысыңыз өте орынды. Газ қажет екенін білемін. «Көгілдір отынмен» қамтамасыз ету жобасына 11 млн теңге керек. Мұны қарастырамыз. Өйткені осы уақытқа дейін қалаға қарасты 5 елді мекенге газ келді. Енді қалған 4 ауылды газбен қамтамасыз етуді қолға аламыз, – деп жауап берді қала әкімі.

ДОСАНДЫҚТАР ЖАРЫҚТЫ...

Досан ауылының тұрғыны Жұмабек Әбілрасилов:

– Бұрындағы Досан ауылында 50 шақты үй болатын. Қазір оның саны өсті. 23 көшеміз бар. Ауыл көлемі артқан сайын жарық мәселесі қиындап тұр, – деп подстанция орнату керектігін жеткізді. Бұл сұрақ бойынша қала басшысы тиісті сала

Тілші түйіні:

Қаланың батыс беткейінен орын тепкен Қосшынырау ауылының тірлігін түлетіп, ахуалын әлдендіруге «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы шеңберінде қаржы қаралуда. Қаралған қаржыға елді мекеннің көшелері жөндеуден өтіп, инфрақұрылымы одан әрі дами түспек.

Жалпы кездесу онлайн түрінде өтсе де тұрғындар өз сұрағын, ұсынысын емін-еркін жеткізе алды. Тіпті ауыл халқы қала әкіміне ризашылығын білдірді. Өйткені шаһар басшысы әр сауалға нақты жауап беріп, тиісті мамандарға нықтан тапсырма берді. Нәтижесін елмен бірге күтеміз...

Ақтоқсан НҰРЛЫБАЙ

ШЫРАҒДАН



алдымызда күтетін үлкен өмірдің қиыншылықтарын жеңе білуді, адамдық қасиеттерді бойымызға сіңіруді үйретті. Қаламыздағы іргелі білім ошағының бірі – №253 орта мектеп. Білім ошағының ұрпақ тәрбиелеп келе жатқанына бүгінде 44 жыл болды.

Мектеп – білім айдынындағы кеме. Осы кемеде әр адам он бір жыл уақытын өткізеді. Адам баласының өміріндегі ең бір естен кетпес шақ осы мектепте өткізген уақыты болар, сірә! Өміріміздің осы бір сәті бәрімізге ыстық. Үлкен өмірге аяқ басуға асыққан балалар мектебімен қимастықпен қоштасады. Себебі мектеп бізге әрбір әріпті, әрбір санды үйретті. Осы мектепте білім алып, ойымызға тоқығанымыз да аз емес. Алайда мектеп бізге тек қана білім емес, сонымен қатар жақсы мен жаманның ара жігін ажыратуды,



ЖАҚСЫ МҰҒАЛІМ – МЕКТЕПТІҢ ЖҮРЕГІ



БІЛІМДІ ҒАНА ЖАҚСЫ БАСШЫ БОЛА АЛАДЫ

«Ұстаз» деген сөздің адамзаттың даму тарихында алар орны айрықша. Ал бұл мектепті басқарған әрбір директордың да орны ерекше. 1977 жылы мектепті алғаш Нысанбай Сүлейменов, 1988 жылы Ақжамал Қожаназарова, 1993 жылы Сақташ Жұматаев, 1995 жылы Ишабек Сатаев, 2015 жылы Нүрия Сәдібекова, 2017 жылы Бибіхан Маштаева басқарады. Бұл жылдары мектепті басқарған басшылар білім беру саласында жемісті еңбек еткен. Ал 2017 жылдан бері білім ошағын Зейнулла Тоқтамысов басқарып келеді.

ҰСТАЗДАР ӘУЛЕТІ

Мұғалімдер әулетінде туып, мұғалім атанбау мүмкін бе? Зейнулла Мырзаханұлы ғұмырының жарты жылын ұстаздық жолға арнаған. Мыңдаған шәкірт тәрбиелеп, бар білімі мен күш-жігерін ұрпақ қамына жұмсаған ұлағатты ұстаз. Әкесі мен анасы білім саласында абыройлы еңбек еткен.

Зейнулла Мырзахан шәкірті десе ішер асын жерге қоятын нағыз жанашыр тәлімгер.

– «Ғалым да, шахтер де бас иетін, ұстазым бар сенің қасиетің» деп бас-талатын осы бір әнді тыңдаған сайын мұғалім мамандығын таңдаған әрбір аяулы жанның қызығы мен шыжығы қатар жүретін өмірі көз алдыңнан кинолента секілді өтіп жатқандай болады. Саналы ғұмырын сапалы қызмет етуге арнаған сансыз маманның ішіндегі барша әлем бас иетіндей құдіреттісі болса, ол – ұстаз екені сөзсіз. «Мен өзімнің ұстазыма әкемнен кем қарыздар емеспін. Әкемнен өмір алсам, ал, Аристотельден өмірімді жақсы өткізу туралы білім алдым» деген екен Александр Македонский. Осы бір ұлағатты сөзден ұстазға деген махаббат пен құрметтің биіктігін аңғарамыз. Ұстаз тәрбиесі – өскелең ұрпақ қана емес, барша адам баласының айнасы секілді. Себебі ұстазы арқылы шәкіртіне баға беріледі. Бүгінгі мұғалім шәкіртіне



мәлімет беріп қана қоймай, оны дүниежүзілік білім, ақпарат, экономика кеңістігіне шығуға, яғни қатаң бәсеке жағдайында өмір сүруге тәрбиелеуі керек. Педагог – мамандықтардың ішіндегі жан-жақты білімділікті, ұлтжандылықты, икемділікті, шеберлікті, ерекше шәкіртжандылықты, мейірімділікті қажет ететін мамандық. Өз ісіне деген қызығушылық пен сүйіспеншілік пен ғана биік белестерді бағындыра алады, – дейді №253 орта мектептің директоры.

4 ҚАБАТТЫ МЕКТЕП

Бүгінде қала орталығында 4 қабатты мектептер санаулы ғана. Соның бірі біз әңгімелеп отырған білім ошағы. Сыйымдылығы 1104 орынға арналса, бүгінде оқушы саны 1145. Білім ошағында ауған соғысына қатысқан, «Қызыл жұлдыз» ордендерінің иегерлері Тұржан Монтаев пен Серік Баймаханов оқыған. Бүгінде мұнда жауынгерлердің ерен ерліктерін кейінгі ұрпаққа үлгі ете отырып мектеп ішінен арнайы музей ашылған.

Сонымен қатар мектепте «Шебер қолдар» үйірмесі бар. Үйірменің мақсаты ұлттық сәндік-қолданбалы өнер арқылы мектеп оқушыларының кәсіби шеберлігін қалыптастыру. Халқымыз молшылықты

– дарияға, теңізге, бәйтерекке теңесе, батырды – арыстанға, қыран бүркітке теңеді. Сұлуды – ай мен күнге, хош иісті гүлге, құралайдың лағына, аққудың көркіне, бота мен тұрымтайдың көзіне, сұқсырдың мойнына, алмаға, қарақатқа теңеді. Әсемдікті аң-құстан, өсімдіктен, табиғаттан іздеді. Сол сұлулықты ою-өрнекке түсірді, дамытты. Ал №253 мектептің оқушылары бүгінде бұл үйірмеге өздері жасаған ұлттық бұйымдарды жинаған. Мұнда құрақ көрпе, күріштен жасалған әсем картиналар мен қазақтың ою өрнектері бар.

Зейнулла Мырзаханұлы білім ошағының жертелесін ату алаңына айналдырған. Яғни мұнда оқушылар алғашқы әскери дайындық сабағында автомат шашып-жинаумен қатар тирде атып жаттығады. Оның ішінде оқушылар үшін барлық қауіпсіздік шаралары сақталған. Мұнан бөлек мектепте шахмат үйірмесі бар. Онда 50-ден аса бала тақта үстінде текетіреседі.

Мұрат пен Марат Сәрсенбаевтар. Пандемия кезінде мектепке келіп оқушылар үшін арнайы планшеттер табыстаған. Тұрмысы төмен отбасыларды үнемі киім-кешекпен, азық-түлікпен қамтамасыз етіп отырады.

ШӘКІРТТЕР ЖЕТІСТІГІ

№253 мектеп 2020-2021 оқу жылын барлығы 1145 оқушымен бастады. Бүгінде мұнда 133 мұғалім еңбек етуде. Білім ордасы оқу жылы барысында басқа мектептермен тығыз байланыста болып өзара мұғалімдердің тәжірибе алмасуына жағдай жасауда.

Өткен жылы «Мектепке жол» акциясы аясында 205 балаға әлеуметтік көмек көрсетілген. 157 оқушыға ноутбук берілсе, мемлекет тарапынан қайтарымды 102 құрылғы берілген. Демеушілер есебінен 55 планшет табысталған.

Өткен жылы қалалық білім беру бөлімінің ұйымдастырумен өткен «Шеберлік сынып» тәжірибе алмасу семинарында ағылшын тілі пәнінің мұғалімдері Бағдат Нұрғалиева мен Эльмира Аймағамбетова алғыс хатпен марапатталған.

Мектеп кітапханашысы Бота Сейдахметова қала әкімінің алғыс хатымен марапатталған. Жалпы білім беретін пәндер бойынша пәндік олимпиаданың қалалық кезеңінің нәтижесі бойынша Майра Бекмурзаева, Нұргүл Абитова,



Ақмарал Оймауытова, Нұрқанат Амантаев, Айшолпан Жакешова, Қаракөз Тұрдықұлова, Гүлшат Қанатбаева жүлделі орын алып дипломмен марапатталған. Қазақ тілі пәні мұғалімі Мейіркүл Ешпанова Білім және Ғылым Министрлігінің «Құрмет» грамотасымен марапатталған. Облыстық білім басқармасының «Құрмет» грамотасымен ғылыми-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары Гүлмира Жұмахметова, оқу ісінің орынбасары Қалтай Оразбеков, кітапханашы Бота Сейдахметова, география пәнінің мұғалімі Шолпан Жолаханова марапатталған.

Жақсы ұстаз болмаса, жақсы оқушы да болмайды! «Мен ұстаздарды жақсы көрем, өйткені олар – мектептің жүрегі» деп Ыбырай Алтынсарин атамыз айтпақшы, оқушы үшін мектеп білімнің тірегі болса, ұстаз — жүрегі. Ал жүрексіз өмір сүру мүмкін емес Яғни ұстазсыз білім алмау мүмкін емес екені белгілі.

Жарасқан ҚУАНЫШБАЙҰЛЫ

Суретті түсірген
Нұрболат НҰРЖАУБАЙ



Шахмат баланың ойлау қабілетін арттырады. Ал мұнда оқушы үзілген емес.

Тағы бір айта кетерлігі мектептің өткен жылы барлық терезесі пластикалық терезеге ауысты. Яғни заманауи үлгідегі терезе. 1-ші және 2-ші қабаттарының ішкі есіктері жаңартылған. Білім ошағында 30 бейне бақылау камерасы бар. Ол ең алдымен оқушының қауіпсізгі үшін жұмыс жасайды. Сондай-ақ биология, химия кабинеттері де заманауи құрал жабдықтарымен қамтылған. Мектептің түлектері де әрдайым білім ошағына демеушілік жасап тұрады. Солардың бірі –



Қалалық коммуналдық меншіктегі ұйымды жекешелендіру туралы

«Мемлекеттік мүлік туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңына, «Жекешелендіру объектілерін сату қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 9 тамыздағы №920 қаулысына және «Жекешелендірудің 2021-2025 жылдарға арналған кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 29 желтоқсандағы №908 қаулысына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- Осы қаулының қосымшасына сәйкес қалалық коммуналдық меншіктегі ұйым жекешелендірілсін.
- Осы қаулының орындауын бақылау жетекшілік ететін Қызылорда қаласының әкімінің орынбасарына жүктелсін.
- Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда қаласының әкімі

Н. НӘЛІБАЕВ

Қызылорда қаласы әкімдігінің
2021 жылғы « » ақпандағы № ____ қаулысына қосымша

Жекешелендірілетін қалалық коммуналдық меншіктегі ұйым – «Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

№	Объектінің атауы	Жекешелендіруге берілетін қатысу үлесінің мөлшері, %	Жекешелендірудің түрі	Іске асырылуы, жыл
1	«Қызылорда тазалығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	Тендер	Қазан 2021

О приватизации организации городской коммунальной собственности

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 1 марта 2011 года «О государственном имуществе», постановлением Правительства Республики Казахстан от 9 августа 2011 года №920 «Об утверждении Правил продажи объектов приватизации» и постановлением Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2020 года №908 «О некоторых вопросах приватизации на 2021-2025 годы» акимат города Кызылорды ПОСТАНОВЛЯЕТ:

- Приватизировать организацию городской коммунальной собственности согласно приложению к настоящему постановлению.
- Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима города Кызылорды.
- Настоящее постановление вводится в действие со дня первого официального опубликования.

Аким города Кызылорды

Н.НАЛИБАЕВ

Приложение к постановлению акимата города Кызылорды
от «» февраля 2021 года № ____

Приватизируемая организация городского коммунального имущества товарищество с ограниченной ответственностью «Қызылорда тазалығы»

№	Наименование объекта	Размер доли участия передаваемой на приватизацию, %	Вид приватизации	Срок реализации, год
1	Товарищество с ограниченной ответственностью «Қызылорда тазалығы»	100	Тендер	Октябрь 2021

ЖАРҚЫН ЖОБАЛАРҒА ЖОЛ АШҚАН

Сыр өңірі кәсіпкерлікті дамытуды қолға алу арқылы облыс экономикасын алға тартуды мақсат етіп келеді. Кәсіпкер, іскер жандарды табу арқылы жұмыссыздықпен, әлеуметтік ахуалмен күресуге әбден болады. Сол үшін де қазіргі кезде ауылдағы тұрғындар, оның ішінде жастар берілген мүмкіндікті пайдаланып, шағын болса да кәсібін бастауды қолға алған.

Шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту қала әкімдігінің күн тәртібінен түскен емес. Салыстырмалы түрде айтсақ, облыс бойынша нақты жұмыс істеп тұрған кәсіпкерлік нысандарының 47,7%-і Қызылорда қаласының еншісінде. Қалалық кәсіпкерлік, өнеркәсіп және туризм бөлімінің мәліметі бойынша, өткен жылы 26 мыңнан астам кәсіпкерлік нысаны тіркелді. Оның ішінде нақты жұмыс істеп тұрғаны 22 070 нысанды құрады. Бөлім мамандарының айтуынша, былтырғы 9 айдың көрсеткіші бойынша кәсіпкерлік саласында 172,3 млрд теңгенің өнімі шығарылды. Оған шамамен 50 344 адам жұмыспен қамтылған.

БАҒДАРЛАМАЛАР БАҒЫТЫМЕН

Қала мен қалаға қарасты кент және ауылдық округтерінде шағын және орта бизнесті дамытудың басты көрсеткіштеріне жүргізілген талдау нәтижесіне келсек, әр елді мекен бойынша өркендеу байқалады. Өртүрлі бағытта кәсіпкерлік нысандары іске қосылып, ел игілігін көруде.

2020 жылы мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жалпы құны 10 млрд 383 млн

Басы 1-бетте



теңгені құрайтын 1615 жоба іске асырылып, 1748 жұмыс орны ашылған.

Атап айтсақ, «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған «Еңбек» бағдарламасы аясында қалада 690 млн 900 мың теңгені құрайтын 130 жоба несиелендіру арқылы қаржыландырылды. Аталған бағдарлама аясында жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға мемлекеттік қайтарымсыз гранттар беру бағыты бойынша комиссия шешімімен құны 641 млн 830 мың теңге болатын 1268 адамның жобасы қолдау тапты.

«Бизнестің жол картасы 2025» бизнесті қолдау мен дамытудың бірінші бағдарламасы аясында бүгінгі таңда жалпы құны 6 млрд 536 млн теңгені құрайтын 161 жоба қаржыландырылды. Бұл бағыт бойынша құны 52 млн теңге болатын 21 жобасы қолдау тапқан.

Ал «Қарапайым заттар экономикасын дамыту» бағдарламасы жүзеге асқаннан бері қалада 3 млрд 154 млн теңгені құрайтын 35 жоба қаржыландырылса, өткен жылы жалпы құны 968 млн 300 мың теңгені құрайтын 13 жоба қаржыландырылды.

Сонымен қатар екінші деңгейлі банктер мен қаржы ұйымдарында 1 млрд 400 млн теңгені құрайтын 3 жобаның құжаттары қаралуда. Биыл да кәсіпкерлік саласын дамытуға бағытталған барлық бағдарламалар мен мүмкіндіктерді тиімді қолдану арқылы қала аумағында жаппай кәсіпкерлікті дамыту бағытындағы жұмыс өз жалғасын табатын болады. Оған қоса ел игілігі үшін жаңа жобалар жүзеге аспақ.

Ақтоқын
НҮРЛЫБАЙ



«ЖҮЗ ЖАСАҒАН БӨЙТЕРЕК»

Қазақтың ақын, жыр дүлдiлi Жамбыл Жабаевтың биыл 175 жылдығы. Атаулы датаға орай Ә.Молдағұлова атындағы №173 орта мектептің кітапханашылары Л.Омарова, Қ.Досымова мен 9 «в» сыныбының жетекшісі А.Балымбетованың ұйымдастыруымен «Жүз жасаған бөйтерек» атты оқырмандар конференциясы өтті. Жиынға 9 «в» сыныптың оқушылары қатысып, жырау Жамбылдың шығармашылығымен тереңірек танысты.

Шара барысында мектеп кітапханасының оқырмандары ақын Жамбыл Жабаевтың өмірі және шығармашылығымен танысты. Жырау Жамбылдың ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы поэзияны сүюге, оны бағалай білуге ұғындыру мақсатында өткен конференцияда оқушылар ақынның өлеңдері мен айтыстарын, тарихи-эпикалық дастандарын жатқа айтты. Сонымен қатар кітапханашы Қ.Досымова ақынның оқырманды ұлтжандылыққа, елін сүюге тәрбиелейтін шығармаларына толы кітаптарынан тұратын «Жыр алыбы Жамбыл» атты кітап көрмесімен таныстырды.

Жүзге жеткенше жүрегінен жыр төгілген ақын таза ұлттық құбылыс. Шығармашылығын ұлт амаңдығы мен абырой-мәртебесі үшін арнаған Жамбыл Жабаев ең алдымен қазақ ұлтына керек. Сол себептен ұлттың ұлы адамдарының есімін мәңгі ету үшін өскелең ұрпақ жадына сіңіру қажет.

Л.ОМАРОВА,
№173 орта мектептің
кітапхана меңгерушісі

Ақберен ЕЛГЕЗЕК

карағанда, ит-құс көп жыртқыш аңдардың бірі ғана ғой дейміз. Дегенмен қасқырға келгенде қазақ баласының бойында үлкен құрмет, ерекше толқынсыз пайда болатыны рас. Оның себебі де бар. Біз түркі болғандықтан, өзімізді Бөріден таралық дегенге сенеміз. Сенгіміз келеді соған. Себебі бөрідей батыл, ақылды һәм symbaтты болғымыз келеді. Бабаларымыз бөрілі байрақ ұстап, ғасырлар бойы жерімізге сұқтанған қанша жаудың меселін қайтарып, жеңіске жетіп отырғаны – біздің қанымызда ерекше мақтанш сезіміміз ойнатады.

негізін қалаған Ромул мен Рем жайлы аңызды айтып отырғанымызды оқырман қапысыз түсінді деп есептейміз. Славян халықтарының аңыз-әсаналарында қасқыр құлым, жыртқыш аң ретінде суреттеледі. Мүмкін ол біздің бабаларымыздың Еуразия кеңістігінде салтанат құрып тұрған кезін суреттейтін дүние болар деп жігіттің бір ұшын шығарып қоялық...

Жалпы, қасқыр тотемі әлем халықтарының барлығында бар. Мәселен, қазаққа бауыр халық – башқұрт ұлтының атауы «бас бөрі» деген мағынаны береді. Татар халқы

бала-шағасына қалдығын беріп, ұйықтайды. Біртүрлі сыйлаймаймын осы бір еріншек немені! Әрі арыстанды аң патшасы дегенге мойысұнбаймын да! Оған қарағанда жолбарыс кішкене құрмет сезімін оятады. Жә, ол басқа мәселе. Қаскене оралайық. Циркте қасқырдың өнер көрсетіп жүргеніне ешкім куәлік ете алмайды. Қасекен тақаппар, кербез һәм дербестікті сүйеді. Қасқыр, ең алдымен, көзсіз батырлықтың символы. Кез келген айкаста қасқыр не жеңгенше, не өлгенше алысады. Қасқыр өлексе жеуден қашады. Яғни өз бойын,



Ежелгі түркілердің ең басты тотемі – Көк бөрі болған. 1968 жылы Монғолия территориясынан табылған ескерткіште аяқ-қолы жоқ баланың суретінің астында қасқырдың суреті сомдалған. Бей-Ши және Суй-Шин деген қытай жылнамашыларының деректеріне сүйенсек, ескерткіштегі бала бейнесі келесі оқиғаның кейіпкері. Ғұн тайпаларының ең текті тайпасы көрші тайпалардың соққысына ұшырап, тегіс жастағы мына баланы даладан қасқырдың қанышығы тауып алып, тауға алып кетіп, асырапты деседі. Кейін екеуінің арасынан шекесі торсықтай он ұл дүниеге келіп, түркі тілдес халықтардың негізін құраған он ірі әулетке айналыпты-мыс. Ашина деген ежелгі түркі тілінен аударылғанда «ең басты, аспан, тектес бөрі» дегенді білдіреді екен. Бұл өрине аңыз. Мұндай аңызды біз Италия тарихынан да жақсы білеміз. Бұл жерде біз қасқырдың сүтін еміп, аман қалған, ержеткесін Римнің

өздерін «ақ қасқырдың» тарағанбыз деп есептейді. Көптеген түркі тілдес тайпалардың туында бөрінің қасы бейнеленетін болған. Онымен баса, хан, қаған біткеннің барлығы өзін бөрімен теңестіріп отыруға құмар болатын. Мысалы, әлемнің әмірлі билеушісі Шыңғысхан өзін Көк бөрінің рухы қолдайтынына иманды сенетін және барлық жауынгерлерін қасқырдай айлап, қайратты қылып тәрбиелегені белгілі.

Аңыздың пайда болуына да бір себептің болуы заңды деп білеміз. Ол үшін қасқырдың табиғатына, мінез-құлқына үніліп көрейік. Жалпы, қасқыр өзге түз тағыларына қарағанда, еркіндік сүйгіш аң.

Аңдар патшасы деп жүрген есінеуік арыстанды ширктен талай көргеніміз бар. Жабайы табиғаттағы өмірде, бүкіл прайд осы бір жалқау, жалы жалп-жалп еткен бір өз мысықты асырайды да жүреді. Сосын әлгі байғұстардың табан ет, маңдай терімен тапқан етті әлгі «батыр» ақырып келіп, өзі жейді. Сосын

ағзасын таза ұстайды. Қасқырдың бөрісі басқа мақұлықтарға қарағанда моногамды. Демек, өзге аңдармен салыстырғанда қасқырдың еркегі «зинакорлық жасамайды» және өзі таңдаған бір ғана қанышқа адал болады. Бөрі – үйір ішінде темір тәртіп орнататын, өзіне тиесілі аймақты жан-тәнімен қорғайтын, қол астындағы шабуылдаушысы бар жауынгерлерді бір мақсатқа жұмылдыра білетін, бөліріктер мен әртүрлі шаруаға міндетті ірілі-ұсақ қасқырларды әділ басқаратын Қаған.

Сондықтан біздің Ашина текті бабаларымыз қасқыр табиғатын жақсы білгендіктен, өз тайпаларындағы өмірді бөрінің басқару стиліне ұқсастырып отыруға тырысқан деп ойласақ қателеспейміз. Тағы бір штрих. Қасқыр ешқашан үрмейді. Ол тек ұлхиды. Ал оның ұлуы нәні білдіретінін ғылым сан сакка жориды. Біздіңше қасқырдың ұлуы – көк бөрінің Көк Аспанмен диалогы.

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Азиз БАТЫРБЕКОВ

Телефондар:
Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан БӨЙМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4. Т.Жүргенов атындағы Шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г. «Ақмешіт апталығы» қалалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Аппсасына 2 рет, сәйесіне, сенбі күндері шығады. Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі, деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, қараландыру иесінің жауапты екендігі ескертіледі. Жарнама мәзіруіне жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына хабарласуға болады.

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 4843 Тапсырыс №180

Нөмірдің кезекші редакторы Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ



ӘЛЕМ



ШАРУА МЕН ШОУ БИЗНЕС

Үндістанда ауыл шаруашылығы саласындағы шаруалар ереуіл әлі толастар емес. Он мыңдаған фермер екі айға жуық ел астанасы Нью-Дели маңына жиналып, сауда құқығы, баға айналымы мен ауылшаруашылығы өнімдерін сақтау талабын әлсірететін жаңа заңға қарсылық білдіруде. Жағдайдың ушыққаны сондай, соңғы аптада елдегі ғаламтор желісі бұғатталып, қарулы



құш қарсылық шарасын басу әрекетіне көшкен. Әлемдік ақпарат агенттіктері де мәселені жіті бақылауға алып, тікелей эфир мен меншікті тілшінің мүмкіндігін толық пайдалануға көпті. Ғаламдық танымал жұлдыздар мен кәсіпкерлер болса, Үндістан үкіметін азаматтардың наразылығына ден қоюға үндеп, билікті дұрыс шешім қабылдауға шақырды. Әсіресе, шоу бизнестегі танымал эшп Рианнаның Twitter әлеуметтік желісіндегі жазбасы Үндістан жұртын қажырлы, қоғамдық резонанс тудырды. Осыған орай «BBC» арнасы «Шаруалар қарсылығы: Рианна жазбасы Үндістандықтарға неге жақпалды?» деген арнайы хабар әзірледі. Авторы – Гита Пандей.

Былайғы күнде эшп не шоу бизнес өкілі саяси оқиғаға қатысты пікірін білдірсе, аса бір салмақ бере қабылдамайтынымыз белгілі. Тіпті, кейбіріміз құр өсекке арбалғандай әсер алмас үшін мұндай жаңалықтан аулақ та жүреміз. Алғашында «BBC» арнасы эшп Рианнаның жазбасы мен Үндістан халқының реакциясын таразылаған сәтте де тосырмай қараған едік. Харбармен толық танысқаннан кейін ғана, автордың танымалдығын ықпалы, көптің пікіріне әсер ету әдісі, ресми билік өкілдерінің наразылық төңірегінде ой-пікіріне көрсетуге талпынғанын аңғаруға болады.

«Қарсылық шарасы премьер-министр Нарендра Моді басқаратын үкіметке ауыр соққы болды. Ереуілге шыққан шаруалар, оның ішінде балалар мен қарттар да орнынан тапжылмай, астана маңында күрке тігіп, орналасқан. Ресми дерек бойынша ондаған ереуілші қаза тапқан көрінеді. Үкімет жаңа заңның күшіне енуін 18 айға кейінге қалдырғанымен, шаруалар түбегейлі күшін жоюын талап етуде. Өткен аптада әлемдік БАҚ-та «тракторшылар ереуілі» деген айдармен Делидегі қарсылық шарасы туралы ақпарат таралды. Онда шаруалар құқық қорғау органдарының мамандарына қарсылық көрсетіп, жүздеген адам жаракат алып, бір фермер қаза тапқан. Оған қоса, қарсы топ тарихи Қызыл фортты басып алып, полиция оларды қуып шыққан».

Хабар авторының сөзіне, дәл осы қарсылық шарасынан соң эшп Рианна әлеуметтік желіде пікір білдіріп, оқиғаға әлем назарын аударуға түрткі болған. Тіпті, ішкі істер министрі Амит Шах та поп-жұлдыздың жазбасына пікір білдірген.

«Сейсенбіде эшп Рианна Twitter парақшасына Үндістандағы шаруалар көтерілісі туралы пост жариялады. Ол қарсылық танытқан шаруалар суретін жариялай, «Бұл мәселе туралы неге айтпаймыз?» деп жазба қалдырды. Аталған жазба «вирустай» тарап, қысқа уақытта 700 мың лүпіл жинаған. Ескере кететін жайт, эшпнің әлеуметтік желілерінде 100 млнға жуық тіркелуші бар. Аталған жазбасынан соң Үндістан қоғамы қарсы пікір білдіріп, барбадостық эшпнің айыпталған пікірлер саны артты. Оқиғадан соң сыртқы істер министрі ресми мәлімдеме жасап, танымал азаматтар пікірін Үндістан тұрақтылығына жасалған шабуыл деп болжады».

Хабар барысында Үндістанның ішкі істер министрі Амит Шахтың сәрсенбі күні Twitter-дегі жазбасы мысалға келтірілген. Министр «#IndiaAgainstProtaganda» – Үндістан үгітке қарсы, «#IndiaTogether» – Үндістан бірге деген хештег пайдалану арқылы Рианна мен өзге де белсенділерге қарсы пікірін жолдаған. Ол әлеуметтік желіде: «Ешқандай үгіт Үндістан бірлігіне нұқсан келтіре алмайды. Ешқандай үгіт Үндістанның жаңа биікке көтерілуіне келергі жасай алмайды. Тек біріксек, прогресске қол жеткіземіз» деп жазба қалдырған.

Осы мазмұндағы пікірден соң Үндістан министр хештегін қолданып, Санин Тендлукар, Вираг Кохли, Ақшай Кумар, Каран Джохар және Лата Мангешкар, Саниа Нехвал секілді зиялы қауым мен спорт, кино, өнер өкілдері Рианнаға қарсы пікір жариялады.

Шынында, неліктен Үндістан қоғамы жақтаған жаңға жақпаған пікір білдірді? Тіпті Гита Пандей де осы сауалға жауап іздеп, бірнеше себеп келтіреді.

«Рианнаның жазбасына қарсылық көрсету – алдымен, күдік. Көбісі эшпнің жазбасын тапсырыспен жарияланған деп ойлауда. Өйткені барбадостық өнерпаз бұған дейінгі аймақта болған өзге мәселелерде үнсіздік танытып еді. Сондықтан оқиғаға аяқастынан көңіл бөлгені күдік тудырды. Екінші себеп Рианнаның пікірінен кейін қызу талқы туып, АҚШ билігі де назарын оқиғаға бұрды. Үндістан билігі қандайда болмасын сыртқы күштің үгіт-насихатын елдің ішкі мәселесіне қол сұғу деп қабылдайтынын ескерсек, бұл күткен нәтиже екені сөзсіз».

Автор хабар соңында бүгінгі ғаламтордың саяси ахуалға ықпалы, қоғамдық пікір қалыптастыруға көмегі турасында пікір айтқан. Сондай-ақ танымал тұлғалардың саясат пен әлеуметтік мәселелерді шешуге араласу ерекшелігін де атап өтеді.

Тұннұсқадан аударып, шолу жасаған
Еркін ШАМШАДИН